

«Жітіқара ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ
«Жітіқара аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ

Жітіқара аудандық балалар кітапханасы

Акция аясында дайындалады



КІТАПСҮЙЕР ҚАУЫМҒА БІР ЖАҢАЛЫҚ



Жіміқара, 2018

Оқырманға арналған сөз!

Акцияның мазмұны: бүкіл ел болып бір уақытта бір кітапты оқып шығу және талқылау, осы кітапқа арналған түрлі шараларды өткізу. Акцияны өткізу үшін кітапты таңдау азаматтардың қалауларын анықтау жолымен, мекемелерде, ұйымдарда, оқу орындарында сауалнамаларды жүргізу арқылы, телефон арқылы сұрау, ауызша сұрау арқылы жүргізіледі. Акция кезінде іс-шара өткізу формасы әртүрлі болуы мүмкін. Олар: сынып сағаттары, әдеби кештер, талқылаулар, кітап бойынша фильмдерді тамашалау және талқылау, жазушылармен, әртістермен кездесу кештері, телемарафондар, клуб отырыстары, қойылымдар. Акция бойынша 2018 жылы тұңғыш рет үш бірдей кітап таңдап алынды.. Кітапханаға келіңіздер! Кітап оқыық! Кітап талқылайық! Кітаппен сырласайық!

Бір ел – бір кітап : дайджест [Мәтін] / құраст. Т. Турабаева; ред. Р. Яковлева. – Жітіқара : Жітіқара аудандық балалар кітапханасы, 2018. – 12 б.

Сайтты: <http://zhiti-bibliotek.ucoz.ru>. Біздің мекенжай: Жітіқара қ. 6-66 Аудандық балалар кітапханасы. Тел.: 2-43-45 «Бір ел – бір кітап 2018» акциясы



Акция тарихы

Әлемді кітапсыз елестету мүмкін емес. Оған біз бала кезден үйрендік. Ол алдымызда өмірдің ғажайып құпияларын ашты және қиын сәттерде пайдалы кеңестер берді. Бір-бірімізді түсіне білуге үйретті.

Кітаптың маңызды мақсаты – ғасырлар бойы жинақталған білімді сақтап, келесі ұрпаққа жеткізу. Кітаптан алған білім біздің алға жылжуымызға мүмкіндік береді. Кітапты оқи отыра біз әлем әдебиеті жауһарларының ең үздік туындыларынан ләззат табамыз. Кітап - бұл қуанышқа кенелу. Ол адамның рухани дамуын биік шыңдарға жетелейтін жалғыз аяқ жол десек те болады. Әрбір халық өз елінің тарихын және ұлттық сана мен ұлт руханиятының қалыптасуына зор үлес қосқан өзінің ұлы көшбасшыларын ұмытпауы тиіс. Олар кешегі аласапыран заматта ерен еңбек етіп, болашақтың дамуына үлкен жол салды. Қазақ әдебиеті - қазақ халқының ғасырлар қойнауынан ұрпақтан ұрпаққа жеткен рухани, мәдени мұрасы, сөз өнерінің асыл қазынасы. Қазір қазақ әдебиетінің туындыларын тиісінше оқып, зерделеп талқылауда өткір қажеттілік туындады. Дәл осы мақсатта кітап оқу, кітапқа деген қызығушылықты арттыру, халқымыздың әдеби мұрасын зерттеп, рухани мұраны сақтау мақсатында Қазақстанда республикалық «Бір ел - бір кітап» акциясы ҚР Мәдениет министрлігінің қолдауымен ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы мен ҚР Кітапханашылар Ассоциациясы бастамасымен 2007 жылдан бастау алған болатын.

Міне, он екінші жыл оқуға деген қызығушылықтың төмендеуіне қарамастан, бұл акция өзінің құрметті оқырмандарын тауып, жалпыға бірдей оқуға ұсынылған ақын-жазушылардың шығармаларын қызыға оқып, зерттеп, талқылап келеді. Осы кезеңдерде аталмыш акция аясында жалпыға бірдей оқуға төмендегі кітаптар таңдалып алынғаны белгілі.

- 2007 жыл - Абайдың «Қара сөздері»;
- 2008 жыл - М.Әуезовтың «Қилы заман» повесі;
- 2009 жыл - М.Жұмабаевтың лирикасы - «Жан сөзі»;
- 2010 жыл - Ж.Молдағалиевтің «Мен қазақпын» поэмасы;
- 2011 жыл - Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романы;
- 2012 жыл - Оралхан Бөкеевтің «Қайдасың, қасқа құлыным» атты повестер мен әңгімелер жинағы;
- 2013 жыл - Ф.Оңғарсынованың «Дауа» жыр жинағы;
- 2014 жыл - Сайын Мұратбековтың «Жусан исі» және «Басында Үшқараның...» атты шығармалары;
- 2015 жыл - І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы;
- 2016 жыл - Дулат Бабатайұлының «Өсиетнама» кітабы;
- 2017 жыл - Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармалары.

Биылғы жылы акция форматының өзгертілуіне байланысты біз бірден 3 кітапты оқимыз. Олар: Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармалары, Немат Келімбетовтың «Үміт үзгім келмейді», Бауыржан Момышұлының «Үшқан ұя» атты еңбектері. Кітаптар әртүрлі болғанымен оларды өмірдің қиындықтары мен күрделілігін іскерлікпен жеңіп шыққан



авторлардың күрделі тағдырлары біріктіреді.

Жылдың таңдап алынған кітаптары

1. Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармалары «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты тұңғыш кітабы 1911 ж. жарық көрген. Шәкәрімді философ, тарихшы, ойшыл ретінде де танытатын «Үш анық», «Мұсылсандық шарты» атты туындылары, әлеуметтік ағартушылық арнадағы «Жолсыз жаза», «Қалқаман — Мамыр», «Ләйлі — Мәжнүн» т.б. жыр жинақтары мен поэмалары басылып шыққан. Оның сезімді жүрегінен «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді», «Жастық туралы», «Анадан алғаш туғанымда» сияқты жиырмаға тарта әсем әуезді әндер туған. Хафиз, Физули, А.С. Пушкин, Л.Н. Толстой т.б. шығармаларын қазақ тіліне аударған.

2. Бауыржан Момышұлының "Ұшқан ұя" повесі- халқымыздың XX ғасырдың басындағы этнографиялық энциклопедиясы іспетті аса құнды, қазақ руханиятының қазынасы. Салт-сана, дәстүр, ұлттық келбеті өте шынайы суреттеледі. Бауыржан Момышұлы Мемлекеттік сыйлыққа (1976) ие болған «Ұшқан ұя» кітабында он алтыншы жылдың дүрбелеңі мен күштеп ұжымдастыру кезіндегі тартыстар батыл айтылып, Кеңес өкіметі қалыптасуының алғашқы жылдары кеңінен қамтылған. «Ұшқан ұяда» әлем тарихы, жаратылыс шежіресі, жан-жануарлар болмысы, қауымының қалыптасуы, әлемнің пайда болуы, тірлік, өмір туралы алғашқы мағлұматтарды, азаматтық тұрғыдағы аңыз-әңгімелерді әжесінен естігенін үлкен сүйіспеншілік сезімен есіне алған, сондай-ақ ненің жақсы, ненің жаман екенін, нені сүйіп, неден аулақ жүруді әжесінен үйренгенін мақтан етеді.

3. Жазушы Немат Келімбетовтың "Үміт үзгім келмейді" хикаят-монологы - ауыр науқасқа шалдығып, көп жылдар бойы төсек тартып жатқан мүгедек жанның өмірге деген шексіз құштарлығы, қайсарлығы, адамгершілігі, мөлдір махаббаты сөз болады. Науқас адамның сын сағаттағы сан қилы ой-толғаныстары бас қаһармандар Ержан мен Гауһардың монологтары арқылы берілген. Немат Келімбетовтің «Үміт үзгім келмейді» кітабы әлемнің 19 тіліне, оның ішінде мажар тіліне аударылғанын атап өту қажет. Еуропадағы танымал әдеби жүлделердің бірі – Ф.Кафка атындағы халықаралық сыйлыққа ие болды.



ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ. ШЫҒАРМАЛАРЫ



Шәкәрім Құдайбердіұлы ұлы Абайдың дәстүрін жалғастырушы ірі ақын, ғұлама ойшыл, тарихшы, аудармашы, сазгер. Кезінде арнайы оқу орындарында оқып білім алмаса да, өз бетінше ізденіп жан сарайын байытқан Ш. Құдайбердіұлы заманында қазақ арасындағы аса білімдар адамдардың бірі болды. Шәкәрімнің рухани әлемі, шығармашылық мұрасының өне бойынан айрықша бір табиғи тұтастық аңғарылады. Рухани ізденістердің Шәкәрім шығармашылығынан алар орны ерекше. Өзінің бар өмірінде Шәкәрім өзі өмір сүрген ортаның қоғамдық-саяси және әлеуметтік сыр-сипаттарын, қоғам мен адам табиғатындағы кемшіліктерді зерделеуде, туған халқына түзу жол көрсетуде Абай бағытын ұстанды.

Ш.Құдайбердіұлының қаламынан терең ойлы, сыршыл лирикалық өлеңдер, «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Қазақ айнасы» сияқты оқиғалы дастандар, және басқа да прозалық туындылар, аудармалар, тарихқа, философияға қатысты еңбектер, сазды әндер туды. Жекелеген өлең, мақала, эсселері 1913-1924 жылдары «Абай», «Айқап», «Шолпан» журналдарында және «Қазақ» газетінде жарияланды. «Абай» және «Шолпан» журналдарында әйгілі «Ләйлі-Мәжнүн» дастанының Физули жырлаған нұсқасы, Хафиздің бірқатар өлеңдерінің аудармалары басылып шықты. А.С. Пушкиннің «Дубровский», «Боран» атты шығармаларының аудармалары 1936 жылы Алматы қаласында «Әдебиет майданы» журналында жарияланды.

Алтынсарин, Ы. Қазақ энциклопедиясы / Ы. Алтынсарин,
Ш. Құдайбердіұлы. – Алматы : Тұлғалар, 2007. - 632 б.

Шәкәрімге

Өнерің маған мұра болар

Өлең менен жырларың маған қымбат

Әр ұлы сөздеріңнен алам ғибрат

Бағалы, баға жетпес насихатың

Жүрегімде сақталып, есте қалат

Ұлағатты ұлы да асыл кеңестерің

Мөр боп басылғандай ұмытылмас

Кейінгі ұрпағыңа қалар сыр боп

Өнерің әрқашанда мұра болып.

Өзіңнен білдім ата, борыш керек адамға

Содан басқа ұлы жолды табам ба?


Өзіңнен білдім жақсы менен жаманды

Мен солардан жиреніп, өсіп жанам да!

(жазған Изтелеуева Зейне Талғатқызы)




БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ «ҰШҚАН ҰЯ»



Кеңес Одағының Батыры, біртуар тұлға Бауыржан Момышұлының есімі ерлік пен өрліктің символы ретінде әрбір қазақстандыққа аян. «Ұшқан ұя» атты повесін Б.Момышұлы әскерде қызметте жүрген жылдарында жазған екен. 1956 жылы басылып шыққан бұл кітап Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығын иеленді. Автор бұл шығармасында көшпелі дала жағдайында қазақ этнографиясын түсінікті әрі шынайы көрсетті.

Ол ата-бабасының шығу тегін, ерлік салтын, ұрпақ тәрбиесін, қарапайым ауыл адамдарының кісілік келбетін, мінез-құлқын, сол кездегі қоғамдық ортаны, әлеуметтік жағдайды, ізгі дәстүрімізді соғұрлым қызықты және көркемдеп жазды. Адамгершілік қағидаларға тұнып тұрған «Ұшқан ұяда» қаламгер отбасы, ұлттық дәстүр сынды асыл қасиеттер адам өміріне әсер ететін негізгі ықпал екендігін атап көрсетеді.

Өзінің естеліктерінде ол үй ішіндегі әрбір отбасы мүшелерін апа, әке, қарындастарының бейнесін ашып, оларды аңсаумен, сағынышпен еске алады. Шығармасында автордың тек өмірбаяны қамтылып қоймай, ішкі жан-дүниесі, ой-сезімі, арман-мүддесі, айналадағы адамдармен қарым-қатынасы арқау болады.



Момышұлы, Б. Менің әжем: [жазушы Б. Момышұлының "Ұшқан ұя" романынан үзінді] / Б. Момышұлы // Ақ желкен. - 2017. - № 8. – Б. 60-63.

НЕМАТ КЕЛІМБЕТОВ «ҮМІТ ҮЗГІМ КЕЛМЕЙДІ»



Немат Келімбетов - түркология бойынша іргелі зерттеу еңбектерімен танылған белгілі қазақстандық ғалым, ұлағатты ұстаз, қарымды қаламгер, шебер аудармашы, филология ғылымдарының докторы. Еңбектері айқын да, терең философиялық ойларға толы.

Сәтсіз жасалған операциядан соң 10 жыл төсекке таңылса да, өмірге деген шексіз құштарлығын, қайсарлығын жоғалтпаған. Ол осы жылдар бойы әдеби еңбектермен және аудармалармен айналысып, шығармашылық қызметін жалғастырды. Қиындықтарды еңсеріп, ғылымды, әдебиетті тереңге алып кететін шынайы да нәзік жазылған үлкен-үлкен монографияларды дүниеге әкелді. Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің тарихы туралы және ежелгі дәуір жәдігерлері жайлы өте құнды да, бағалы еңбектер жазды.

Жазушы Немат Келімбетовтың «Үміт үзгім келмейді» деп аталатын хикаят-монологында ауыр науқасқа шалдығып, көп жылдар бойы төсек тартып жатқан мүгедек жанның өмірге деген шексіз құштарлығы, қайсарлығы, адамгершілігі, мөлдір махаббаты сөз болады. Науқас адамның сын сағаттағы сан қилы ой-толғаныстары бас қаһармандарының монологтары арқылы берілген.

Қазақ әдебиетінің абыройын асырған осы әдеби шығармасы үшін ғалым-түркітанушы және академик Немат Келімбетов Еуропадағы танымал әдеби жүлделердің бірі – Франц Кафка қоғамының наградасын жеңіп алды.

Мәженқызы, Р. Парасат-ғұмыр: [жазушы Н. Келімбетов жайлы] / Р. Мәженқызы // Егемен Қазақстан. - 2013. - 29 тамыз. - 5 б. Садыр, Б. Дарабоз дарын, өнегелі өмір



МАЗМҰНЫ

Құрастырушыдан.....	4
Акция тарихы.....	5
Жылдың тандап алынған кітаптары.....	6
Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармалары.....	7
Шәкәрімге.....	8
Бауыржан Момышұлы «Ұшқан үя».....	9
Немат Келімбетов «Үміт үзгім келмейді».....	10
Мазмұны.....	11
Пайдаланған әдебиет.....	12

Пайдаланған әдебиет:

1. Алтынсарин, Ы. Қазақ энциклопедиясы / Ы. Алтынсарин, Ш. Құдайбердіұлы. - Алматы, «Тұлғалар» 2007. - 632 б.
2. Келимбетов Немат [Электр. ресурс] // Режим доступа : <https://kitap.kz>, <http://adebiportal.kz>.
3. Қазақ әдебиеті :энциклопедиялық анықтама [Мәтін]. – Алматы, 2010. – 576 б.
4. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия [Мәтін]. – Алматы : Қазақ энциклопедиясының, 2004. - 696 б.
5. Момышұлы, Б. Менің әжем: [жазушы Б. Момышұлының "Ұшқан ұя" романынан үзінді] / Б. Момышұлы // Ақ желкен. - 2017. - № 8. – Б. 60-63.
6. Шәкерім Құдайбердіұлы // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. - Алматы, 2002. – Б. 472-473.
7. Мәженқызы, Р. Парасат-ғұмыр: [жазушы Н. Келімбетов жайлы] / Р. Мәженқызы// Егемен Қазақстан. - 2013. - 29 тамыз. – Б. 5.
Садыр, Б. Дарабоз дарын, өнегелі өмір.